

"Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 қыркүйектегі N 970 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы

Осы Заң қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер иелерінің не осындай жауапкершілік жүктелуі мүмкін адамдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудан туындайтын қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасының аумағында оны жүргізудің құқықтық, қаржылық және ұйымдық негіздері белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда қолданылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектідегі авария - үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтірген технологиялық процестің бұзылуы, механизмдердің, жабдықтардың және құрылыстардың зақымдануы;

2) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектінің иесі - жеке меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында, не кез келген басқа заңды негізде қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектіге иелік ететін жеке немесе заңды тұлға;

3) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объект иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі - Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектіні пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтейтін жеке және заңды тұлғалардың міндеті;

4) сақтандырылған адам - қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектіні пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғаларға зиян келтіргені үшін өзіне қатысты азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру жүзеге асырылатын жеке немесе заңды тұлға;

5) сақтанушы - жеке меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқықтарында немесе кез келген басқа да заңды негізде қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектіге иелік ететін және қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан жеке немесе заңды тұлға. Егер сақтандыру шартымен өзгеше көзделмесе, сақтанушы бір мезгілде сақтандырылған адам болып табылады;

6) сақтандыру жағдайы - қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектіде орын алған қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектідегі авария нәтижесіне үшінші тұлғаның өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне келген зиянды өтеу жөніндегі сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің не осындай жауапкершілік жүктелуі мүмкін тұлғаның азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің туындау фактісі;

7) сақтандырушы - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алған, сақтандыру жағдайы туындаған кезде үшінші тұлғаға (пайда алушыға) міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;

8) сақтандыру сыйлығы - сақтанушы сақтандырушыға соңғысы үшінші тұлғаға (пайда алушыға) міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;

9) сақтандыру сомасы - міндетті сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтанушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

10) сақтандыру төлемі - сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандырушының үшінші тұлғаға (пайда алушыға) сақтандыру сомасының шегінде төлейтін ақша сомасы;

11) міндетті сақтандыру объектісі - оның Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектіні пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу

міндеттемесіне байланысты сақтанушының (сақтандырылған адам) мүліктік мүддесі;

12) үшінші тұлға (пайда алушы) - сақтандыру шарты пайдасына жасалатын және оның өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген зиян өтелетін зиян шегуші;

13) төтенше жағдайлар жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган - Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органы және оның аумақтық органдары.

2-бап. Сақтандыру қатынастарының қатысушылары

1. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер иелердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру қатынастарының қатысушылары сақтандыру ұйымдары (сақтандырушылар), қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілердің иелері (сақтанушылар, сақтандырылған адам), үшінші тұлғалар (пайда алушылар) болып т а б ы л а д ы .

2. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектінің қызметкерлері мен иелері осы Заңға сәйкес жасалатын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттары бойынша пайда алушылар болып табылмайды.

3-бап. Қазақстан Республикасының қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заңнан және өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңмен белгіленетін шарттардан өзгеше белгіленсе, онда халықаралық шарттың нормалары қолданылады.

2-тарау. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру ерекшеліктері

4-бап. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер

1. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер деп мынадай бірдейлендірілген қауіптілік белгілерінің ең болмағанда біреуін

қанағаттандыратын объектілер танылады:

1) мынадай қауіпті заттар (ықтимал ең жоғарғы бір жолғы мөлшерде) өндірілетін, алынатын, қолданылатын, қайта өңделетін, пайда болатын, сақталатын, тасымалданатын (оның ішінде магистральдық немесе технологиялық құбырлармен) қоймаға салынатын, түсірілетін/тиелетін, сатылатын, бейтараптандырылатын немесе ж о й ы л а т ы н :

а) тұтанғыш заттар - қалыпты қысымда және ауамен қосылғанда тұтанатын, қалыпты қысымда қайнау температурасы 20°C немесе одан төмен газдар - 20 тоннадан а р т ы қ м ө л ш е р д е ;

б) тотықтандырғыш заттар - жануды қалыпта ұстағыш, тұтандырғыш және (немесе) тотықтандыру-қалпына келтіру экзотермиялық реакциялардың нәтижесінде басқа заттардың тұтануына ықпал ететін заттар - 20 тоннадан артық мөлшерде;

в) жанғыш заттар - өзінен өзі тұтанып жануға, сондай-ақ жану көзінен от алуға және ол көзді жойғаннан кейін де жана беруге бейім сұйықтар, газдар, тозандар - 20 т о н н а д а н а р т ы қ м ө л ш е р д е ;

г) жарылғыш заттар - сыртқы әсердің белгілі бір түрінен жылу бөле және газ түзей отырып, өзінен өзі өте тез таралатын химиялық өзгеріске бейім заттар - 1 тоннадан а р т ы қ м ө л ш е р д е ;

д) улы заттар - тірі ағзаға әсер ету кезінде олардың өліміне әкелуге бейім және мынадай с и п а т т а м а с ы б а р з а т т а р :

бір килограмм салмаққа қоса алғанда асқазанға қабылданған 200 миллиграмнан төмен келетін өлтіретін орташа доза;

бір килограмм салмаққа қоса алғанда теріге тиген 400 миллиграмнан төмен келетін ө л т і р е т і н о р т а ш а д о з а ;

ауадағы өлтіретін орташа концентрация 1 литрге қоса алғанда 2-миллиграмнан төмен, 1 тоннадан артық хлорға барабар мөлшерде;

е) биологиялық қауіпті заттар;

2) 0.07 МПа-дан артық қысыммен немесе 115°C -тан артық су ысыту температурасымен жұмыс істейтін құралдарды және қысылған газды пайдаланатын;

3) 1000 вольттан артық жабдықтар мен электр қондырғыларын (генераторлар, трансформаторлар, тарату құралдарын, электр таратқыш желілерді, т.б.) пайдаланатын;

4) тұрақты орнатылған жүк көтергіш механизмдерді, эскалаторларды, аспа жолдарды, фуникулерді, лифтерді (тұрғын үй лифтерінен басқа) пайдаланатын;

5) кара және түсті металдардың қорытпасы алынатын және олар балқытылатын;

6) тұрақты, жылжымалы, қалқымалы бұрғылау қондырғыларын және болуы мүмкін авария салдарынан қоршаған ортаның едәуір ластануы болатын ұңғымаларды жер астында жөндеуге арналған көтергіш агрегаттарды пайдаланатын;

7) көмірсутек кен орындарын әзірлеу: ұңғыларды бұрғылау, мұнай, газ және мұнай өнімдерін өндіру, жинау, дайындау, сақтау, қайта өңдеу, тасымалдау жүргізетін;

8) пайдалы қазбаларды өндіру мен байыту тау-кен жұмыстары, сондай-ақ жерасты жағдайындағы жұмыстар жүргізетін объектілер;

9) гидротехникалық құрылыстар, өңделген қазба қалдықтарының қоймасы, I, II, III сыныпты күл төгу орындары мен шлам жинау орындары, селден қорғау құрылыстары, суландыру жүйелері;

10) атом энергиясын пайдалану объектілері.

2. Егер міндетті сақтандыру шартының қолданысы кезінде қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объект бірдейлендірілген қауіптілік белгілеріне сәйкес келуі тоқтатса, онда сақтанушы бұл туралы төтенше жағдайлар жөніндегі уәкілетті органға хабарлайды, ол иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандыруға жататын объектілердің қатарынан объектіні шығару туралы шешім қабылдайды және ол туралы сақтанушы мен сақтандырушыны жазбаша түрде хабардар етеді.

5-бап. Азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандыруға жататын тұлғалар

Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты жұмыс істеп тұрған немесе пайдалануға берілетін объектілер иелерінің және осындай жауапкершілік жүктелген тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандыруға ж а т а д ы :

Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асырушы коммерциялық емес ұйымдарды қоса алғанда, шетелдік, шетелдік және басқа ұйымдармен бірлескен з а ң д ы т ұ л ғ а л а р ;

Қазақстан Республикасының аумағында заңды тұлға құрмастан, жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы жеке тұлғалар.

3-тарау. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты

6-бап. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау тәртібі

1. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер иелерінің, сондай-ақ осындай жауапкершілік жүктелуі мүмкін тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру осы Заңға және Қазақстан

Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес көрсетілген объектілерде авариялардың туындауы нәтижесінде өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келуі мүмкін үшінші тұлғаның пайдасына сақтандырушы мен сақтаушының арасында жасалған шарттың негізінде жүзеге асырылады.

Міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының сақтанушыға немесе сақтандырылған адамға сақтандыру полисін жазбаша түрде беру жолымен жасалады.

Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің мазмұны мен оны ресімдеу жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасымен белгіленеді.

Міндетті сақтандыру шартының жазбаша нысанының сақталмауы оның жарамсыздығына әкеп соқтырады.

Міндетті сақтандыру шарты сақтанушы сақтандыру сыйлығын толық төлеген сәтінен бастап күшіне енеді және оның күшіне енген күнінен бастап он екі айдан аспайтын мерзімге жасалады.

Сақтандырудан қорғаудың қолданылу кезеңі міндетті сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне сәйкес келеді.

Міндетті сақтандыру шартының қолданылуы, егер міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

Міндетті сақтандыру шартында нұсқауға жататын шарттардың толық еместігіне сақтандырушы жауаптылықта болады. Міндетті сақтандыру шарты бойынша дау туындаған жағдайда оның жекелеген шарттарының толық еместігі салдарынан дау сақтанушының пайдасына шешіледі.

Егер міндетті сақтандыру шарты сақтанушының, сақтандырылған адамның немесе үшінші тұлғаның жағдайын осы Заңда көзделгенмен салыстырғанда нашарлататын шарттарда жасалған болса, онда сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтаушының, сақтандырылған адамның немесе үшінші тұлғаның алдында осы Заңда белгілеген шарттарда міндетті болады.

2. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты және төтенше жағдайлар жөніндегі уәкілетті орган қауіпті ретінде бірдейлендірген объектілер иелері тиісті хабарламаны алғаннан кейін 50 күннің ішінде міндетті сақтандыру шартын жасауға және 60 күннің ішінде есептелген сақтандыру сыйлығын толығымен төлеуге міндетті.

3. Пайдалануға берілетін қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер үшін міндетті сақтандыру шарты мұндай объектіні пайдалануға беретін сәтке дейін жасалуы және есептелген сақтандыру сыйлығы толығымен төленуі тиіс.

4. Бұрын қауіпті болып табылмаған, жаңғырту немесе қайта салалау жоспарланған, одан кейін қауіпті өндірістік объект ретінде бірдейлендірілетін қызметі үшінші

тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объекті иелеріне немесе мұндай жауапкершілік жүктелуі мүмкін тұлғаға осындай шаралар жүргізуге дейін өздерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасуға және осы шаралар басталғанға дейін есептелген сақтандыру сыйлығын толығымен төлеуге м і н д е т т і .

5. Сақтанушы міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін сақтандырушыны өз б е т і н ш е та н д а у ғ а қ ұ қ ы л ы .

6. Міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектінің иесі сақтандырушыдан азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің міндетті сақтандыру шарттарын және қолданылу тәртібін түсіндіруді т а л а п е т у ғ е қ ұ қ ы л ы .

Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектінің иесі міндетті сақтандыру шартын жасасу туралы өтініш жасаған кезде сақтандырушы сақтанушыдан сақтанушының басқа сақтандырушылармен жасасқан немесе жасасатын осы объектіге қатысты азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті және ерікті сақтандыру шарттары туралы толық ақпараттар ұсынуын талап етуге құқылы.

7. Шарт жасасу кезінде сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және оның туындауынан болатын зиянның (сақтандыру қаупінің) мөлшерін анықтау үшін, егер бұл жағдайлар сақтандырушыға белгілі емес және белгілі болуы тиіс емес едәуір маңызы бар жайды сақтанушы сақтандырушыға хабарлауға міндетті.

Сақтандырушының жасаған сақтандыру ережесіндегі нақты ескертілген жағдайлар немесе шарт жасасу кездегі сақтандырушының сақтанушыға жазбаша жіберген сұрау салуының едәуір маңызы бар деп танылады.

7-бап. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын өзгерту немесе мерзіммен бұрын тоқтату

1. Сақтанушының немесе сақтандырушының талап етуі бойынша, егер оларға шарт жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған жағдайлардағы сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын немесе оның туындауынан келетін мүмкін зиянның мөлшері анықтау үшін едәуір маңызы бар айтарлықтай өзгерістер туралы белгілі болса, міндетті сақтандыру шартының талаптары қайта қарауға жатады.

Міндетті сақтандыру шартында ескертілген өзгерістер едәуір маңызды деп т а н ы л а д ы .

2. Міндетті сақтандыру шартының қолданысы мынадай жағдайларда:

1) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектіні жойған немесе пайдаланудан шығарған жағдайда - осы туралы актіге белгіленген тәртіппен қол қ о й ы л ғ а н с ә т т е н б а с т а п ;

2) егер қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объект

бірдейлендірілген қауіптілік белгілеріне жауап бере алмаған жағдайда - иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандыруға жатқызылған объектінің қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілердің тізімінен шығару туралы сақтанушы және сақтандырушы төтенше жағдайлар жөніндегі уәкілетті органнан жазбаша хабарлама алған күннен бастап;

3) сақтанушы немесе сақтандырушы таратылған жағдайда;

4) сақтанушы белгіленген мерзімде және мөлшерде сақтандыру сыйлығын төлемеген жағдайда - оны төлеу үшін берілген мерзімнің аяқталуына қарай;

5) сақтандырушының сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) алғашқы сақтандыру жағдайының туындауы бойынша сақтандыру сомасының мөлшерінде төлеуді жүзеге асырған жағдайда;

6) осы Заңның 8-бабы 2-тармағының талаптары орындалмаған жағдайда сақтанушының, сақтандырушының немесе төтенше жағдайлар жөніндегі уәкілетті органның бастамасы бойынша;

7) шарт осы Заңда және Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында көзделген негіздер бойынша жарамсыз деп танылған жағдайда;

8) міндетті сақтандыру шартының қолданысы сот шешімі бойынша тоқтатылған жағдайда - сот шешімінің күшіне енген сәтінен бастап;

9) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектінің сақтанушы алмаған, сақтандырушы сақтанушыны ауыстыруға қарсы шыққан жағдайда;

10) сақтанушының немесе сақтандырушының осы баптың 3 және 4-тармақтарына сәйкес жасаған бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылады.

3. Сақтанушы міндетті сақтандыру шартынан, егер бұл сақтандыру объектісінің қызметін тоқтатуымен байланысты болмаса, кез келген уақытта бас тартуға құқылы. Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықтары, егер шартпен өзгеше көзделмесе, қайтаруға жатпайды.

4. Егер міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату оның шарттарын сақтандырушының кінәсінен орындамаудан туындаса, соңғысы сақтанушы төлеген сақтандыру сыйлығын толығымен қайтаруға міндетті.

5. Міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға бастамашы тарап міндетті сақтандыру шарты бойынша бұл туралы екінші тарапты жазбаша түрде хабардар етуге тиіс.

6. Осы Заңның 7-бабы 2-тармағының 4)-8), 10) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша міндетті сақтандыру шартының қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда сақтанушы жаңа міндетті сақтандыру шартын жасасуға міндетті.

7. Осы Заңның 8-бабы 2-тармағында көзделген негіздер бойынша міндетті сақтандыру шартының қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, сақтанушы жаңа міндетті сақтандыру шартын жасасуға және бұрынғы міндетті

сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылған сәтке есептелген сақтандыру сыйлығын толығымен төлеуге міндетті.

8. Егер сақтандырушы міндетті сақтандыру шартын сақтанушының немесе зиян шегушінің жағдайын осы Заңда көзделгенмен салыстырғанда нашарлататын жағдайда жасасқан болса, онда сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандырушы зиян шегуші алдында осы Заңмен белгілеген шарттарда міндетті болады.

4-тарау. Сақтандыру сомасы және сақтандыру сыйлықтары

8 - б а п . С а қ т а н д ы р у с о м а с ы

1. Міндетті сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасы міндетті сақтандыру шартының қолданылуы кезінде сақтандыру жағдайлары болған жағдайда сақтандырушының жиынтық жауапкершілігінің шекті көлемін (лимитін) білдіреді.

2. Осы Заңмен қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер иелерінің немесе осындай жауапкершілік жүктелуі мүмкін тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мынадай (ең төменгі алынып тасталсын) сомасы (міндетті сақтандыру шарты жасалған күнге Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген айлық есептік көрсеткішпен):

1) улы заттар өндірілетін, алынатын, пайдаланылатын, қайта өңделетін, пайда болатын, сақталатын, тасымалданатын, қоймаға салынатын, түсірілетін/тиелетін, сатылатын, бейтараптандырылатын немесе жойылатын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер, сондай-ақ атом энергиясын пайдаланылатын объектілер үшін - 70 000;

2) жанатын, тұтанатын, тотығатын заттар өндірілетін, алынатын, қайта өңделетін, пайда болатын, сақталатын, қоймаға салынатын, түсірілетін/тиелетін, сатылатын, бейтараптандырылатын, жойылатын, технологиялық процесте пайдаланылатын немесе магистралды труба құбырлармен тасымалданатын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер үшін - 50 000;

3) жарылғыш заттар алынатын, пайдаланылатын, қайта өңделетін, пайда болатын, сақталатын, тасымалданатын, қоймаға салынатын, түсірілетін/тиелетін, сатылатын, бейтараптандырылатын немесе жойылатын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер үшін - 70 000;

4) биологиялық қауіпті заттар алынатын, пайдаланылатын, қайта өңделетін, пайда болатын, сақталатын, тасымалданатын, қоймаға салынатын, түсірілетін/тиелетін, сатылатын, бейтараптандырылатын немесе жойылатын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер үшін - 21 000;

5) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты басқа объектілер үшін - 28 000 болып белгіленеді.

3. Егер қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объект бірнеше бірдейлендірілген қауіптілік белгілеріне бірден жауап берген жағдайда, онда сақтандыру сомасының ең төменгі сомасының көлемін анықтау үшін қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объект кіретін санаттарда көрсеткен жоғары сома пайдаланылады.

4. Осы баптың 2-тармағы талаптарының орындалмауы міндетті сақтандыру шартының жарамсыздығына әкеп соғады.

9-бап. Сақтандыру сыйлықтарының мөлшері

1. Сақтандыру сыйлығы сақтандыру сомасына қолданылатын сақтандыру тарифтері негізінде белгіленеді. Сақтандыру тарифтерінің мөлшері сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы келісіммен анықталады, бірақ осы Заңда көрсетілген мөлшер шегінде белгіленуі тиіс.

2. Осы Заң қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектінің санатына орай сақтандыру тарифтерінің мынадай шекті мөлшерін белгілейді (сақтандыру сомасының пайызы есебімен):

1) улы заттар өндірілетін, алынатын, пайдаланылатын, қайта өңделетін, пайда болатын, сақталатын, тасымалданатын, қоймаға салынатын, түсірілетін/тиелетін, сатылатын, бейтараптандырылатын немесе жойылатын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер үшін - 2.25%-дан 2.75%-ға дейін;

2) жанатын, тұтанатын, тотығатын заттар өндірілетін, алынатын, қайта өңделетін, пайда болатын, сақталатын, қоймаға салынатын, түсірілетін/тиелетін, сатылатын, бейтараптандырылатын, жойылатын, технологиялық процесте пайдаланылатын немесе магистралды труба құбырлармен тасымалданатын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер үшін - 2.00%-дан 2.50 %-ға дейін;

3) жарылғыш заттар алынатын, пайдаланылатын, қайта өңделетін, пайда болатын, сақталатын, тасымалданатын, қоймаға салынатын, түсірілетін/тиелетін, сатылатын, бейтараптандырылатын немесе жойылатын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер үшін - 2.25%-дан 2.75%-ға дейін;

4) биологиялық қауіпті заттар алынатын, пайдаланылатын, қайта өңделетін, пайда болатын, сақталатын, тасымалданатын, қоймаға салынатын, түсірілетін/тиелетін, сатылатын, бейтараптандырылатын немесе жойылатын қызметі үшінші тұлғаға 1.75%-дан 2.25 %-ға дейін ;

5) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты басқа объектілер үшін - 1.55%-дан 2.00%-ға дейінгі мөлшерін белгілейді.

Егер қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объект бірнеше бірдейлендірілген қауіптілік белгілеріне бірден жауап бере алған жағдайда, онда сақтандыру сомасының ең төменгі сомасының көлемін анықтау үшін осы объекті

кіретін санаттарда көрсетілген жоғары сома пайдаланылады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтары талаптарының орындалмауы міндетті сақтандыру шартының жарамсыздығына әкеп соқтырады.

10-бап. Сақтандыру сыйлығын төлеу тәртібі мен мерзімдері

Сақтандыру сыйлығы міндетті сақтандыру шарты жасалғаннан кейін 10 күннің ішінде бір жолға төленеді. Міндетті сақтандыру шартын кез келген негіздер бойынша өзгерткен кезде жаңадан жасалған есептеулер мен бұрынғы төленген сақтандыру сыйлықтары арасындағы айырмашылық 15 күннің ішінде қосымша төлеуге (қайтаруға) жатады.

5-тарау. Сақтандыру төлемі

11-бап . Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың жалпы шарттары

1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы немесе пайда алушы болып табылатын өзге тұлға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қосып, жазбаша нысанда береді.

2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мына құжаттар:

1) с а қ т а н д ы р у п о л и с і ;

2) сақтандыру жағдайының туындау фактісін және зиян шегушіге келген шығынның мөлшерін растайтын құжат;

3) сақтанушы жасаған сақтандыру жағдайы туралы акт;

4) еңбекке уақытша жарамсыздығының мерзімі туралы денсаулық сақтау ұйымдары анықтамасының немесе үшінші тұлғаның мүгедектігінің белгіленгендігі туралы мамандандырылған мекемелер анықтамасының көшірмесі - ол белгіленген жағдайда;

5) үшінші тұлғаның өлімі туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі және пайда алушыға зиянды өтету құқығын растайтын құжат (көшірме) үшінші тұлға ө л г е н ж а ғ д а й д а ;

6) үшінші тұлғаның жоғалған, жетіспейтін немесе зақымдалған (бүлінген) мүлкінің тізбесі - мүлікке зиян келтірілген жағдайда;

7) сақтандыру жағдайы туындаған кезде шығындардың алдын алу немесе азайту мақсатында сақтанушы шеккен шығыстарды растайтын құжаттар қоса беріледі.

3. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы өтінушіге ұсынған құжаттарының толық тізбесі және оларды қабылдау күні көрсетілген анықтама беруге міндетті.

4. Үшінші тұлға, ал ол өлген жағдайда - қолданыстағы заңнамаға сәйкес үшінші тұлғаның өліміне байланысты зиянды өтеуге құқығы бар тұлға пайда алушы болып т а б ы л а д ы .

5. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандырушы пайда алушыдан оның сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттар қабылдауын талап етуге қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

6. Егер сақтандыру жағдайының туындауына алып келген оқиға нәтижесінде үшінші тұлғаның денсаулығы нашарласа (мүгедектік немесе мүгедектіктің одан жоғары тобы белгіленсе) немесе қаза тапса, онда сақтандырушы үшінші тұлғадан (пайда көрушіден) немесе қолданыстағы заңға сәйкес үшінші тұлғаның өліміне байланысты зиянды төлеттіруге құқығы бар тұлғадан түскен өтініш пен тиісті құжаттардың негізінде бұрын төленген сомаларды есептей отырып, осы Заңмен белгіленген тәртіпте және мөлшерде сақтандыру төлеміне қайта есептеу жүргізуге міндетті. Бұл ретте бұрын төленген сомалар қайта есептеу кезінде сақтандыру төлемінің сомаларына есептеледі.

7. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектідегі авариялардың зардаптарына қарай сақтандыру төлемінің мөлшеріне:

1) үшінші тұлғалар қаза тапқан, мүгедектік немесе еңбекке уақытша жарамсыздық белгіленген жағдайдағы біржолғы жәрдемақы;

2) үшінші тұлға қаза тапқан жағдайда, оны жерлеу шығыстары;

3) үшінші тұлғаның қираған мүлкінің құны;

4) үшінші тұлғалардың қираған мүлкін жөндеу, бөлшектерін ауыстыру немесе тұтыну сапасын қайта қалпына келтіру шығыстары;

5) авариялардың немесе олардың зардаптарын жою жөніндегі үшінші тұлғалардың (міндетіне төтенше жағдайларды жою кіретін бюджеттік ұйымдардан басқа) шығыстары кіреді.

12-бап. Сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау

1. Үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген зиян мөлшерін бағалау төтенше жағдайлар және қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес жүргізілген авариялардың себептерін тексеру нәтижелері бойынша белгіленеді.

Сақтандыру төлемінің мөлшерін авария себептерін тексеру актісінің, сот шешімдерінің, келтірілген залалдың мөлшері туралы деректер қамтылған басқа материалдардың негізінде сақтандырушы анықтайды.

2. Әрбір зиян шегушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін төленетін біржолғы жәрдемақы мөлшері осы Заңмен (Қазақстан Республикасының заңнамасында міндетті сақтандыру шарты жасалған күнге белгіленген айлық есептік көрсеткіштермен) белгіленеді және мыналарды құрайды:

1) қаза тапқан кезде - 600;

2) мүгедектік белгіленген кезде:

I топтағыларға - 500;

II топтағыларға - 400;

III топтағыларға - 300;

3) еңбекке уақытша жарамсыздық белгіленген кезде - жарамсыз болған әрбір күнге 0,60, бірақ барлығы 60-тан аспайды.

3. Мүлікке зақым келген кезде келтірілген зиянның мөлшері сақтандыру жағдайы болған күнге дейін орын алған мүліктің тозуын ескеріп, оны қалпына келтіру құнының есебіне сүйене отырып айқындалады.

Қалпына келтіру құны сақтандыру жағдайы болған сәтте қолданылған орташа нарықтық баға мен тарифтің негізінде айқындалады.

Мүлік қираған кезде келтірілген зиянның мөлшері сақтандыру жағдайы болған күнге тозуды ескеріп, мүліктің нақты құнына сүйене отырып айқындалады.

Егер оны қалпына келтіру техникалық мүмкін болмаса немесе экономикалық негізсіз болса мүлік қираған деп саналады. Егер бұл ретте күтілетін шығыстар (орнын толтыру құны) сақтандыру жағдайы болған күнге есептелген амортизацияны ескеріп, мүліктің нақты құнынан сексен пайыз артық болса, онда мүлікті қалпына келтіру экономикалық негізсіз деп саналады.

4. Әрбір зиян шегушінің мүлкіне келтірілген зиян мөлшерін сақтандыру жағдайы болу нәтижесінде сақтанушының немесе оның өкілінің өтініші бойынша сақтандырушы белгілейді. Келтірілген зиянның мөлшерін бағалауды қажет болған кезде тәуелсіз сарапшы жүргізеді. Келтірілген зиянды бағалау нәтижелерімен келіспеген кезде тараптар басқалай дәлелдеп шығуға құқылы.

5. Сақтандыру төлемі зардап шегушінің өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген нақты зиянның, қалыптасқан шығынның мөлшерінен және осы Заңмен белгілеген біржолғы жәрдемақы мөлшермен аспауы тиіс.

6. Сақтандырушы келтірілген зиянның мөлшерін анықтау мақсатымен қосымша тексеру жүргізуге құқылы. Осыған байланысты ол құзыретті органдардан аварияны техникалық тексеру материалдарын, келтірілген зиянға байланысты құжаттарды, медициналық құжаттарды, шығын болған (бүлінген, қираған) мүліктің құны, жүргізілген жұмыстардың, келтірілген шығындардың құны туралы білуге мүмкіндік беретін шоттарды, сондай-ақ өзге де қажетті құжаттарды талап етуге құқылы.

7. Сақтандыру төлемдері міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының шегінде жүргізіледі.

Келтірілген зиянды толық өтеу үшін сақтандыру сомасы жетпеген кезде сақтандырушы міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде келтірілген зиянға теңдей етіп сақтандыру сомасын төлеуді жүзеге асырады. Бұл ретте зиян шегушілер келтірілген зиянның сомасы алынған сақтандыру төлемінің сомасынан асатын мөлшерде келтірілген зиянды өтеу туралы сақтаушыға (сақтандырылған адамға) тікелей талап етуге құқылы.

8. Егер сақтандыру жағдайы туындаған сәтке сақтанушының (сақтандырылған адамның) осы Заңға сәйкес сақтандырылған азаматтық-құқықтық жауапкершілігі, сондай-ақ басқа сақтандырушыда сақтандырылған болса, онда сақтандырушының әрқайсысы өздері жасаған шарт шегінде жауапты болады, бірақ сақтанушының барлық сақтандырушыдан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан

а с п а й д ы .

Бұл ретте сақтанушы кез келген сақтандырушыдан онымен жасалған шартта көзделген сақтандыру сомасының көлемінде сақтандыру төлемін алуға құқылы. Егер алынған сақтандыру төлемі нақты залалды жаппаса, сақтанушы жетіспейтін соманы басқа сақтандырушыдан алуға құқылы.

Сақтандыру төлемінен толығымен немесе ішінара босатылған сақтандырушы келтірілген залалды басқа сақтандырушының төлеуіне орай сақтандырушыға келтірілген шығыстарды шегергенде, сақтандыру сыйлықтарының тиісті бөлігін қ а й т а р у ғ а м і н д е т т і .

9. Егер келтірілген зиянды басқа тұлғалар өтеген жағдайда, сақтандырушы міндетті сақтандыру шарты бойынша төлеуге жататын төлем сомасының және басқа адамдардың өтейтін сомасының арасындағы айырмашылығын ғана төлейді. Сақтанушы оған белгілі болған пайда алушыларға басқа тұлғалар жүргізген зиянды өтеу төлемдері туралы сақтандырушыға хабарлауы тиіс.

10. Сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру жағдайында зиянның алдын алу немесе азайту мақсатында, егер мұндай шығыстар қажет болған немесе сақтандырушының нұсқауын орындау үшін жүргізілген болса, егер тіпті тиісті шаралар ойдағыдай болмаған жағдайда да өтелуі тиіс. Көрсетілген шығыстарды өтеуді сақтандырушы тиісті шығындар туралы актіні алған күннен бастап, бірақ төлемдерін жүргізуден бұрын емес, 30 күн ішінде жүргізеді.

Сақтанушының көрсетілген шығыстары нақты мөлшерде төленеді, бірақ сақтандыру төлемі мен шығындар өтемінің жалпы сомасы қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Егер шығыстар сақтанушы сақтандырушының нұсқауын орындау нәтижесінде болса, олар сақтандыру сомасына қатыстырылмай толық мөлшерде ө т е л е д і .

Сақтанушы болуы мүмкін шығындарды азайту үшін орынды және қолайлы шараларды қасақана қабылдамауы салдарынан туындаған сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан сақтандырушы босатылады.

13-бап. Сақтандыру төлемін төлеуді жүзеге асыру шарттары мен тәртібі

1. Сақтандыру төлемдері сақтанушының жауапкершілігін белгілеген соттың шешімі күшіне енген және сақтандырушының сақтандыру төлемдерін жүргізу мәселесін шешуге арналған барлық қажетті құжаттарды алған күнінен бастап 30 күн ішінде ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

2. Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін уақытында жүргізбегені үшін пайда алушыларға сақтандыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасының мөлшерінде өсім төлейді.

3. Сақтандырушы деп танылған немесе сақтандыру жағдайына соттың тиісті шешімімен қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектідегі аварияның нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу туралы өтінішті қанағаттандыру олардың түсу тәртібімен, ал бірнеше өтініш бір мезгілде түскен кезде мынадай кезектілікпен:

бірінші кезекте жеке тұлғалардың өміріне және денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптар қанағаттандырылады;

екінші кезекте жеке тұлғалардың мүлкіне келтірілген зиян өтеледі; үшінші кезекте заңды тұлғалардың мүлкіне келтірілген зиян өтеледі.

14-бап. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері

1. Сақтандыру төлемдеріне:

1) міндетті сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан артық зиянды өтеу туралы қандай да болмасын талаптар;

2) осы Заңның 11-бабы 7-тармағына сәйкес өтеуге жатпайтын, зиянды өтеу туралы талаптар;

3) сақтанушының осы Заңның 12-бабының 10-тармағында көрсетілгеннен басқа шығыстары мен залалдары жатпайды.

2. Егер авариялар мыналардың салдарынан болған жағдайда:

1) сақтаушының немесе пайда алушының арам ниеті;

2) әскери іс-қимылдар, сондай-ақ маневрлер немесе өзге де әскери іс-шаралар, қарулы құралымдардың немесе террористердің іс-қимылдары;

3) азаматтық соғыс, халықтың түрлі толқуы немесе ереуілдер;

4) қарсы тұруға болмайтын күштер: дүлей зілзалалар, табиғи сипаттағы табиғи құбылыстар;

5) басқа тұлғалардың заңға қайшы іс-қимылдары, осындай іс-қимылдардың салдарынан қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектіге сақтанушы иелік етуден айрылған жағдайда сақтандырушы сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру міндетінен босатылады.

3. Сақтандырушыны сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан босату үшін мыналар:

1) сақтандырушының сақтандыру объектісі, сақтандыру қаупі, сақтандыру жағдайы және оның зардаптары туралы сақтанушыға біле тұра жалған мәліметтерді хабарлауы;

2) сақтандыру жағдайының шығынын азайту жөнінде сақтандырушының қасақана шара қабылдамауы;

3) шығынның келуіне кінәлі тұлғадан сақтанушының тиісті шығынның өтеуін алуы;

4) сақтандырушының сақтандыру жағдайының туындауы кезіндегі жағдайы тексеруде және оларға келтірілген шығынның көлемін белгілеуге сақтанушының

б о л у ы ;

5) сақтандыру жағдайының туындауы туралы сақтандырушыға хабарламауы;

б) сақтандыру жағдайының туындағаны үшін жауапты тұлғадан, сақтандырушының өзінің құқығын талап етуден бас тартуы, сондай-ақ талап ету құқығының сақтандырушыға өтуі үшін қажетті құжаттарды сақтандырушыға беруден бас тартуы
негіз болуы мүмкін.

Егер сақтандыру өтемі төленген болса, сақтандырушы оны толығымен немесе жартылай қайтаруды талап етуге құқылы.

4. Сақтандырушыны осы бапта көзделген заңсыз жасалған іс-әрекеттері бойынша сақтанушының алдындағы сақтандыру жауапкершілігінен босату, сақтандырылған адамға немесе пайда алушыға сақтандыру төлемін төлеуді жүзеге асырудан сақтандырушы бір мезгілде босатылады.

5. Міндетті сақтандыру шартының шарттарымен сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту үшін басқа да негіздер қарастырылуы мүмкін, егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе.

6. Сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы сақтандырушы шешім қабылдайды және сақтанушыға бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, жазбаша нысанда сақтанушыға хабарлайды.

7. Сақтандыру төлемін жүргізуден сақтандырушының бас тартуына сақтанушы сотқа шағымдануы мүмкін.

15-бап. Зиян келтірген тұлғаға кері талап қою құқығы

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырушы сақтандырушының сақтанушыға төленген
с о м а ш е г і н д е :

1) сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның туындауына мүмкіндік туғызған сақтанушының қасақана жасаған іс-қимылы;

2) сақтандыру жағдайына байланысты себептермен қасақана қылмыс жасаған немесе әкімшілік құқық бұзған Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіпте танылған сақтанушының жасаған іс-қимылы;

3) зиянды азайту жөнінде қасақана сақтанушының орынды және дұрыс шаралар қабылдамауының нәтижесінде зиян көлемінің артуы;

4) сақтандыру объектісі, сақтандыру қаупі, сақтандыру жағдайы және оның зардаптары туралы сақтанушының сақтандырушыға біле тұра жалған мәліметтер беруі;

5) сақтандыру жағдайының туындауына жауапты тұлғаға сақтанушының өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ талап қою құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды сақтандырушыға беруден бас тартуы жағдайында кері талап қоюға құқығы бар.

2. Міндетті сақтандыру шарты бойынша өтелген зиян үшін жауапты тұлғаға сақтаушының қоятын кері талап ету құқығы төленген сома шегінде сақтандыру өтемін

жүзеге асырған сақтандырушыға ауысады.

3. Міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру өтемін жүзеге асырған сақтандырушының қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектідегі аварияның болуына себеп болған олардың қызметтік, лауазымдық немесе өзге де еңбек міндеттерін орындау кезінде қасақана жасаған іс-қимылдарын қоспаған жағдайда қате және (немесе) дұрыс іс-әрекет жасамаған сақтанушы қызметкерлеріне, кері талап қою (кері кету) құқығы жоқ.

6-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

16-бап. Сақтанушының құқықтары мен міндеттері

1 . С а қ т а н у ш ы :

1) сақтандырушыдан міндетті сақтандырудың шарттарын, міндетті сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

2) сақтандыру құжаты жоғалған жағдайда оның көшірмесін алуға;

3) келген зиянның мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемдері мөлшерінің есептеулерімен т а н ы с у ғ а ;

4) міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;

5) сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы сақтандырушының шешімін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгілеген тәртіпте қарсы болуға;

6) міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде осы Заңның 9-бабы 3-тармағының талаптарын орындағанда сақтандыру сыйлығынан жеңілдік берілуін талап етуге және а л у ғ а ;

7) егер қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектінің ішіндегі немесе сыртындағы жағдайдың өзгеруі сақтандыру қатерін төмендетуге әкеп соқса (сақтандыру жағдайының немесе ол басталысымен зиян мөлшерінің болу мүмкіндігінің ықтималдылығы), онда жасаған міндетті сақтандыру шартын қайта қ а р а у д ы т а л а п е т у г е қ ұ қ ы л ы .

2 . С а қ т а н у ш ы :

1) белгіленген сақтандыру сыйлығын дер кезінде және толық көлемде төлеуге;

2) міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде осы қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектіге қатысты бұрын жасалған немесе жасалатын барлық міндетті немесе ерікті азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттары туралы сақтандырушыға хабарлауға;

3) міндетті сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектінің ішіндегі және одан тыс жердегі өзгерген жағдайлар туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру қатерінің елеулі артуына

әсерін тигізсе, сақтандырушыға, олардың құзыреті шегінде уәкілетті мемлекеттік органдарға дереу хабарлауға;

4) сақтандыру қатерін (сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және одан келетін залалдың мөлшерін) едәуір арттыруы мүмкін дайындалып жатқан сақтандырылған қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектіні жаңғырту немесе қайта салалау туралы сақтандырушыны және мемлекеттік уәкілетті органдарды ескертуге;

5) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектідегі аварияның алдын алу, олардың салдарынан келген азайту жөніндегі қажетті және мүмкін шаралар қабылдауға;

6) 3 күндік мерзім ішінде сақтандырушыға және мемлекеттік уәкілетті органдарға қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектіде болған кез келген оқиғалар, қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектідегі авариялар туралы, сондай-ақ олардың үшінші тұлғаларға зиянды өтеу туралы сақтандырушыға талап-арыз қоюға әкелуі мүмкін кез келген зардаптары туралы, зиянды өтеу туралы барлық талаптар мен талап-арыздар туралы сақтандырушыға өз құзыреті шегінде хабарлауға, жай-күйді және төтенше жағдайдың себебін сипаттайтын барлық құжаттарды ұсынуға;

7) авариялар туындаған кезде болуы ықтимал шығынды азайту үшін қалыптасқан жағдайларда қолайлы және дұрыс шаралар қабылдау. Мұндай шаралар қабылдай отырып, сақтанушы сақтандырушының нұсқауларын орындауы тиіс, егер олар сақтанушыға хабарланған болса;

8) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектісінде авариялардың және өзге де жағдайлардың туындау себептеріне өз бетінше тергеу жүргізу мүмкіндігімен сақтандырушы өкілін қамтамасыз етуге;

9) сақтандырушы өкілі қарағанға дейін сақталуын (егер бұл қауіпсіздік мүддесіне немесе зиянды азайтуға қайшы келмесе) қамтамасыз етудің әр түрлі шараларын қабылдауға;

10) сақтандырушыға барлық қажетті ақпаратты хабарлауға (қажет болса, жазбаша түрінде), сондай-ақ оған сақтандыру жағдайының жайын анықтау үшін қажетті қолда бар құжаттарды ұсынуға;

11) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектіде орын алған авариялардың салдарынан үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне немесе өзге де мүлктік мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу міндетінің сот шешімімен белгіленген фактісі туралы сақтандырушыға 3 күн мерзім ішінде хабарлауға;

12) зардап шеккен үшінші тұлғалар ұсынған талаптарды реттеу жөніндегі қандай да болмасын міндеттемелерді өзіне сақтандырушының алдын ала келісімінсіз қабылдамауға;

13) сақтандырушыға барлық құжаттар мен айғақтамаларды беруге және оған

көшкен кері талап ету құқығын сақтандырушының жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді оған хабарлауға міндетті.

Міндетті сақтандыру шартында сақтанушының басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

17-бап. Сақтандырушының құқықтары мен міндеттері

1. Сақтандырушы :

1) міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтанушыдан Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген мәліметтерден басқа, осы Заңға сәйкес міндетті сақтандыру шартына енгізу үшін қажет мәліметтерді, соның ішінде бұрынғы міндетті және ерікті сақтандыру шарттары, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері туралы хабарламаларды талап етуге;

2) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыреттеріне қарай сақтандыру жағдайының туындау фактісі мен зиян шегушіге келген шығынның мөлшерін растайтын құжаттар сұратуға;

3) үшінші тұлғаның бүлінген мүлкін және зақымдану аймағын байқауға қатысуға және байқау актілеріне қол қоюға;

4) егер қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектінің ішіндегі немесе сыртындағы жағдайдың өзгеруі сақтандыру қатерін төмендетуге әкеп соқса (сақтандыру жағдайының немесе ол басталысымен зиян мөлшерінің болу мүмкіндігінің ықтималдылығы), онда жасалған міндетті сақтандыру шартын қайта қарауды талап етуге;

5) келген зиянды өтеуге байланысты қатынастарда сақтанушының атынан және тапсырмасы бойынша әрекет етуге;

6) сақтандырушының (сақтандырылған адамның) тапсырмасы бойынша сот және төрелік етуші органдарда оның атынан іс жүргізуді өзіне қабылдауға, сондай-ақ оның атынан үшінші тұлғалар қоятын талап-арыздарға қатысты шағымдар жасауға. Алайда, сақтандырушының бұл іс-қимылдары сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша өз міндеттерін мойнына алу деп бағаланбауы керек;

7) зиян келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қоюға құқылы.

2. Сақтандырушы :

1) сақтанушыны (сақтандырылған адамды) міндетті сақтандырудың шарттарымен таныстыруға, міндетті сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

2) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережесін қосып, сақтанушыға (сақтандырылған адамға) белгіленген мерзімде сақтандыру полисін беруіне;

3) сақтандыру жағдайы кезінде сақтандыру төлемін белгіленген мерзімде жүзеге асыруға;

4) сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда сақтанушыға жазбаша нысанда бас тартудың дәлелді негіздемесін жіберуге құқылы.

Міндетті сақтандыру шартымен сақтандырушының басқа да міндеттері көзделуі м ү м к і н .

3. Сақтанушы мен сақтандырушы осы бөлімде қарастырылған міндеттерді орындамағанда олар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің ережелеріне сәйкес жауаптылықта болады.

7-тарау. Міндетті сақтандыру жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету

18-бап. Мемлекеттік бақылау

1. Осы Заң талаптарының сақталуын бақылауды төтенше жағдайлар жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган және өзге де мемлекеттік органдар өз құзыреті және осы Заңның талаптары шегінде жүзеге асырады.

2. Сақтандыру рыногын реттеу және сақтандыру қызметін қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган осы Заң талаптарының сақталуын бақылауды өз өкілеттігінің шегінде және Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес жүзеге а с ы р а д ы .

3. Төтенше жағдайлар жөніндегі уәкілетті орган өздерінің функциялары мен ө к і л е т т і к т е р і ш е г і н д е :

1) қауіпті өндірістік объектілердегі сақтандыру қатерін бағалау әдістемесін ә з і р л е й д і ;

2) өндірістік объектілерді қауіптіге жатқызудың бірдейлендіру өлшемдерін өзгерту және міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының ең төменгі мөлшерін және ең төменгі сақтандыру тарифін өзгерту жөнінде ұсыныс береді;

3) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілердің иелерінен осы Заңға сәйкес олармен жасалған міндетті сақтандыру шарты туралы а қ п а р а т а л у ғ а қ ұ қ ы л ы ;

4) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер және жасасқан міндетті сақтандыру шарттары бойынша мәліметтер банкін ұйымдастырады және жүргізеді және осы Заң талаптарын орындау мониторингінің жүйесін ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

5) егер оған қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектіні пайдалануға байланысты сақтандыру жағдайының болу ықтималдығын немесе ол туындаған кезде болуы мүмкін зиян мөлшерін арттыруға әкеп соғуы мүмкін жағдайлардың өзгеруі туралы белгілі болған жағдайда, сақтанушы мен сақтандырушыға бұрын жасалған міндетті сақтандыру шартын қайта қарауды ұсынуға қ ұ қ ы ғ ы б а р ;

6) осы Заңның талаптарын бұза отырып жасалған міндетті сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы ұсыныстар енгізуге құқығы бар;

7) нәтижесінде объект бірдейлендірілген қауіптілік белгілеріне жауап беретін өндірістік объектіні жаңғырту және қайта салалау жүргізгеннен кейін міндетті сақтандыру шартын жасасуды талап етуге құқығы бар.

19-бап. Осы Заңның талаптарын орындамағаны үшін
жауапкершілік

Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласындағы заңнаманы бұзған кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауаптылықта болады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті